

шығарма. Кезінде Алтынсарин да мұғалімдерге дәл осындай талап қойған болатын. Бұл Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының өміршендігін байқатады. Мұғалімнің беделін көтере отырып, Ыбырай Алтынсарин мұғалімге талап қойған [4].

Қазіргі оқыту әдістемесінде қолданылып жүрген көптеген технологиялар бар. Сын тұрғысынан ойлау, деңгейлеп – саралап оқыту, проблемалық (мәселелеп) оқыту, интерактивті, белсенді оқыту т.б. Осы технологиялардың қайсысын алсақ та, негізінде Ыбырайдың педагогикалық идеялары жатыр деуге болады. Техникалық – кәсіптік білім беруде модульдік оқыту технологиясы өте тиімді екені даусыз. Сондай – ақ арнаулы пән сабақтарында В.Ф Шаталовтың технологиясына сай тірек-сызба әдістері тиімді. Мысалы, қазақ тілі сабақтарында тірек-сызба арқылы, тірек конспектiлердi пайдалану, рөлдік- ойындар арқылы мұғалім оқушының сөйлеу мәдениетін дамытуға, пікір талас тудыруға үйретеді.

Қазіргі заман талабына сай білім беру жүйесінің тиімділігінің басты көрсеткіші – білім сапасы. Мұғалімнің негізгі міндеті-оқушыны білімге, өз бетінше ізденіске және шығармашылық жұмысқа баулу болып табылады. Қазіргі жас буын жан-жақты терең білімді, саяси-экономикалық сауатты, яғни интеллектуалдық деңгейі жоғары болса, тәуелсіз мемлекетіміздің мықты тірегі болатынына сеніміміз мол.

Ыбырайдың да алға қойған мақсаты-қайткен күнде де «қалың елің, қазағың» терезесі тең көсегелі, көргенді, мәдениетті, өнері өркендеген ел қатарына қосу болатын. Осы жолда сан кедергілерге кездесіп, «мыңмен жалғыз алысып», аңсаған арманға жету жолында бойдағы бар күш – қайратын, ақыл-парасатын сарп еткен Ыбырай да қалың бұқараны шынайы қамқоршылары бола білді. Ыбырай идеяларын дамытып, қоғамда пайдалана білу үлкен бір жетістік.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алма-Ата: Ғылым, 1973. – 350 б.
2. Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алма-Ата: Ғылым, 1994. – 280 б.
3. Дербісәлин Ә. Әдебиет туралы толғаныстар. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 255 б.
4. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Алма-Ата: Санат, 1994. – 420 б.
5. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин. – Алма-Ата: Ана тілі, 1991. – 282 б.

### **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН ШЫҒАРМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ**

*Молдагулова Шолпан Ихсановна*  
Қостанай облысы әкімдігі Білім басқармасының  
«Қостанай педагогикалық колледжі»  
КМҚК, Қостанай қаласы

#### **Аннотация**

Өзектілігі: Бұл мақалада жастарға рухани адамгершілік тәрбие берудегі өз халқы үшін жар құлағы жастыққа тимей, оқу-ағарту жолында аянбай еңбек еткен Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің шығармаларының жас ұрпаққа берер ғибраты мол, асыл мұра екендігі жайлы сөз болады. Оның шығармалары арқылы жастарды жақсылыққа, биік адамгершілік қасиетке тәрбиелеу. Мақсаты: Баланың адамгершілігінің дамуы мен оның рухани-адамгершілік әлеміндегі өзгерістерді зерттеу.

**Түйінді сөздер:** Ы. Атынсарин шығармалары, рухани-адамгершілік құндылық, ұлттық тәрбие, келешек ұрпақ.

#### **Аннотация**

Актуальность: В данной статье речь пойдет о том, что произведения великого просветителя И. Алтынсарина, который трудился на благо своего народа в духовно-нравственном воспитании молодежи – это великое, благородное наследие, подрастающему молодому поколению.

Через труды Алтынсарина нужно воспитывать доброжелательность и высокие нравственные качества у детей.

Цель: Изучение развития нравственности ребенка и изменений в его духовно-нравственном мире.

**Ключевые слова:** произведения Ы. Атынсарина, духовно-нравственные ценности, национальное воспитание, будущее поколение.

#### Abstract

Relevance: This article is about the most prominent Kazakh educator Ybyrai Altynsarin. Here we will talk about the fact that the works of the great enlightener Y. Altynsarin, who worked for the benefit of his people in the spiritual and moral education of young people, not hurting youth, but selflessly working on the path to enlightenment, are the great, noble heritage passed on to the younger generation. We educate young people to be good with high moral qualities through his works.

Goal: Study of the development of the child's morality and changes in his spiritual and moral world.

**Keywords:** works of Ibray Altynsarin, spiritual and moral value, national education, future generation.

«Адамға ең бірінші керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» деп Әл-Фараби айтқандай, мен өз айтар ойымды ұлы ойшыл, дана Әл-Фарабидің сөзімен бастасам деймін. Осыдан сан ғасырлар бұрын Әл-Фараби айтқан екен: «Адам дүниеге келгенде таза мектеп тақтасындай болады. Тақта бетіне әр адам өз қолжазбасын жазып қалдырғандай кішкене нәрестенің де санасына өсе келе әр нәрсе жазылады. Міне, сондықтан мінез-құлық нормалары мынадай болуы тиіс: ол тым қатал да болмауы тиіс, тым ырыққа жығыла бермеуі керек. Өйткені тым қатал шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздық қадірін кетіреді. Оның берген білім, ғылымына шәкірт селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталық пен табандылық қажет, өйткені бұлар жұрт айтқандай тамшысымен тас тесетін бейне бір су тәрізді» деген.

Ұстаз жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінетін, көрген, естіген және аңғарымпаз ақыл иесі. Мейлінше шешен, өнерге құштар, аса қанағатшыл, жаны асқақ, ар-намысын ардақтайтын, жақындарын да, жат адамдарына да әділ, жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп, қорқыныш пен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек. Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан, ал мен үшін жақсы ұстаз бәрінен де артық, өйткені мұғалім мектептің жүрегі.

Адамгершілік мәдениетін тәрбиелеу мен ізгілендіру үшін әдебиеттің маңызы зор. Тәрбие жүйесіндегі тиімділік көрсеткіштерінің бірі бала адамгершілігінің дамуы, оның рухани-адамгершілік дүниесіндегі елеулі өзгерістер болуы тиіс. Бұл факторлар балалардың кәдімгі және күрделенген жағдайлардағы адамгершілік мінез-құлықтарының тұрақты болуынан, ересектердің сырттай бақылауынан салыстырмалы түрде тәуелсіз болуынан, өз қылықтарының адамгершілік салдарын болжай білуден, іштей бақылау сезімінің – ождан, қылықтың моральдық жағын және өзін адамгершілік қасиеттердің иесі ретінде сезінуінен көрінеді.

Бүгінгі өркениетке өркендеу кезеңінде жастарды имандылыққа, ізгілікке тәрбиелеудің аса қажеттігі пайда болған кезде Ыбырай Алтынсариннің ізгілік жөніндегі ойларын шәкірттердің жүрегіне ұялатудың және келешек ұрпақты «Ыбырай дәстүрі» негізінде тәрбиелеу қажеттігі туды.

Ақын «Өнер, білім бар жұрттар» атты өлеңінде оқу, білім алудағы мақсатты аша түседі. Балғожа сияқтылардың бала оқытқандағы арманы « ата-ананы асырау» болса, Алтынсарин оқушылардың білімді адам болғандағы мақсат-міндеттері өз халқының бір керегіне асу, оның прогрестік жолмен ілгеріленуіне жетекшілік жасау, мәдениет жағынан салыстырғанда, басқалардан бірнеше ғасырлық кейін қалған өз елін, « Тастан сарай салдырып, айшылық алыс жолдардан, көзіңді ашып жұмғанша жылдам хабар алдыратын» елдердің қатарына жеткізу деп білді. Радио, телеграф, телефон, самолет, электр т.б. техника тетіктері қазақ тілінде көп таралмаса да, ақын сол сөздерді ұғындыруға

тыңнан жол салып, үлкен шеберлік танытады. Оқып білім алудағы мақсат халықтың қажетіне жарау, өз еліңді өркениетті елдер қатарына қосу деп түсіндіреді.

Балаға жастайынан дұрыс тәрбие беру дүниежүзіндегі педагог-ғалымдардың өткен замандардан бері үлкен көңіл аударып, айрықша көтерген мәселесінің бірі болса, XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласынан оларға үн қосушы бірінші қазақ педагогі – Ыбырай Алтынсарин.

Ыбырай Алтынсарин шығармаларында көтерілген бір өзекті мәселе: жастарды түрлі жақсы қасиеттерге баулу, жаман қасиеттерден жирендіру мәселесі. Оның «Хрестоматиясының» бірінші беттерінен-ақ балаларды оқуға, өнерге, ұқыптылыққа, тазалыққа, мейірімділікке шақырған әңгімелер мен өлеңдері жиі кездеседі. Мысалы, ол «Кел, балалар, оқылық» деген өлеңінде жастарды білім алуға, өнер үйренуге шақыра келіп, білімді адамның сана-сезімі жоғары, ілтипатты, өнегелі болатынын, адам білім арқылы ғана мақсатына жететіндігін, өзінің келешектегі жақсы тұрмысын қамтамасыз ете алатындығын, мәселен, «Бай мен жарлы баласы» деген әңгімесінде Үсенді тапқырлыққа, табандылыққа үйреткен тұрмыс тауқыметі еңбек екендігін, сол себепті оның болашағы жарқын, өмір сүруі адал болатындығын көрсете келіп, жастайынан еңбексіз өскен бай баласы бос белбеу болбыр Асанды барынша келемеждейді. Ы. Алтынсарин осы іспетес әңгімелерінде еңбек процесінің адамның сана-сезімін, психологиясын қалыптастыруда ерекше орын алатынын жақсы түсінген.

Еңбекті сүю және қадірлеу – Ыбырай әңгімелерінің негізгі тақырыбы. Ол еңбек сүймей, жалқау болып өскен адамдар қулық-сұмдықпен күн көруді өзіне мақсат ететін, ал мұның өзі барып тұрған жексұрын қасиет екендігін, олай болса үлкендер балаларды кішкентайынан еңбекке баулу қажеттігін естерінен шығармауын ескертеді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, жас өспірімдердің басында кездесетін түрлі жаман мінездерді отбасындағы тәрбиемен терең астастырады.

Оның «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінде ең кішкентай жәндіктердің өзі де тіршілік үшін тыным таппай еңбек етіп жүргендігін көрсете келіп, оларды балаларға үлгі етеді. «Қарлығаш, өрмекші ғұрлы жоқпысың, сен де еңбек ет, босқа жатпа», – дейді. Ал «Әке мен бала» әңгімесінде мынадай бір жай сөз болады. «Бір адам он жасар баласын ертіп, егістен жаяу келе жатса, жолда қалған бір ескі тағаны көріп, баласына айтты: «Анау тағаны, балам, ала жүр», – деп. Бала әкесіне: «Сынып қалған ескі тағаны не қылайын», – деді. Әкесі үндемеді. Тағаны өзі алды да, жүре берді. Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң әкесі қайырылып, тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз өткен соң, шие сатып отырғандардан 3 тиынға бірталай шие сатып алады. Сонымен шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бір-бірлеп алып жеп, баласына қарамай аяндап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артынан келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен. Жерге түскен шиені жалмажан жерден алып, аузына салды. Бала әрбір шие тастаған жерге бірнеше еңкейіп, теріп жейді. Ең соңында әкесі тоқтап, баласына шиені орамалымен беріп тұрып: «Көрдің бе, бағана тағаны жамансынып, жерден бір иіліп көтеріп алуға еріндің. Енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп, бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Бұдан былай есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың, азға қанағат етпесең, көптен құр қаларсың», – деді. Бұл жақсы әдет емес. Сондықтан балалардың бойкүйез, жалқау болмауына, еңбекқор болуына Ыбырай атамыз ерекше мән берген.

Сонымен қатар «Мейірімді бала» әңгімесінде 13 жасар қыздың әкесінің орнына, өз қолын кесуді сұрағанын жазады. Қыз: «Тақсыр, жұмыс істеп, бала-шағаларын асырайтын атамның қолын қалдырып, мына менің қолымды кесіңіз», – дейді. Жазушы «Аурудан аяған күштірек» деген әңгімесінде аяғы сынған Сейіт деген бала, ауруы қанша батса да, анасын қиналтпау үшін қабақ шытпағандығы айтылады. «Ауырмақ түгіл, жаным көзіме көрініп тұр, бірақ менің жанымның қиналғанын көріп, әжем де қиналып, жыламасын деп жатырмын», – дейді ол. Алғашқы әңгімедегі қыз да, соңғы әңгімедегі

Сейіт те шын мәніндегі мейірімді қылықтарымен ерекшеленеді, мұның негізінде жалпы адамды сүйетін жақсы сезімдер жатыр.

Ыбырай Алтынсарин есімі қазақ балалары үшін мектеп ашқан ұлы ағартушы, орыс әдебиеті классиктерінің балаларға арнап жазған шығармаларын қазақ тіліне аударған аудармашы ретінде ғана емес, қазақ жазба әдебиеті тарихында тұңғыш прозаик ретінде де белгілі. Олай дейтін себебім, Алтынсаринға дейін шын мәнінде көркем проза қазақ жазба әдебиетінде қалыптаспаған еді. Мазмұны жағынан Ыбырай әңгімелері өз заманының келелі мәселелерін қамтиды.

Ол қазақ жастарын оқытып-тәрбиелеу ісін ең басты мәселе деп қарады. «Халық үшін қызмет ететін білімді адамдардың қатарын көбейту арқылы қазақ қоғамының мешеулігін жоюға болады, сондықтан жастарды оқытып тәрбиелеу ісінен артық ешнәрсе жоқ», – деп ой түйді.

Адамның мінез-құлқымен жеке басының қалыптасуы тәрбиеге байланысты деп қараған Ыбырай Алтынсарин өзінің осы пікірін «Бақша ағаштары» әңгімесінде өте көп орынды келтірген. «Бағып қағуда көп мағына барында шек жоқ шырағым, мұнан сен де өзің ғибрат алғайсың, сен жас ағашсың, саған да күтім керек. Мен сенің қате істеріңді түзеп, пайдалы іске үйретсем, ал сен менің айтқанымды ұғып, орнына келтірсең, жақсы түзу кісі болып өсесің, бағусыз бетімен кетсең, сен де мынау қисық біткен ағаштай қисық өсесің», – дейді. Біз бұл әңгіме арқылы автордың педагогикалық көзқарасын айқын аңғарамыз. Алтынсарин

«Адам мінезін түзеп болмайды, сүйекке біткен мінез, сүйекпен бірге кетеді» дейтін теріс көзқарасқа қарсы адамның жақсы, я жаман болуы тәрбиеге, өскен ортасының игі әсеріне байланысты деген қағиданы қуаттап отыр.

Әке мен бала» әңгімесінде еңбекті дәріштеп, «Бай баласы мен жарлы баласында» жалқаулықты айыптап, аңғарымпаздықты, өнеге, еңбекке бейімділікті марапаттайды. Ыбырай аударып, хрестоматияға енгізілген орыс жазушылары Пауэльсонның, Ушинскийдің, Толстойдың әңгімелерінде қайырымдылық, еңбексүйгіш сияқты зор адамгершілік қасиеттер дәріптеліп, оған қарама-қарсы жауыздық, дүниеқорлық т.б. жексұрын мінез-құлықтарды әшкерлеу өзекті орын алады. Ол осы арқылы жастардың жақсы азамат болуын көздейді.

Ұлы ағартушы қалдырған өнегесін жас ұрпақтың бойына сіңіру үшін өз сабақтарында тиімді қолданып келемін. Баланы еңбекке тәрбиелеуде, еңбекке үйретуде үлгі-өнегелі Ыбырай Алтынсариннің шығармалары күш қуат береді. Сонымен қатар сабақ барысында өзін-өзі танудың 5 құндылығы, яғни ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау құндылықтарын негізге ала отырып, әр сабағымда қолданып отырамын. Бұдан шығарған қорытындым студенттерге осындай тапсырмалар беру арқылы олар бойларына жақсы әдеттерді сіңіре біледі, еңбектің пайдасын жете түсіне біледі.

Қорыта келе айтарымтәрбие адам тағдырын ойластырады, болжайды, алдын-ала адамның рухани өмірінің көптеген негіздерін сақтайды, тәрбие алыс пен жақын адамдарға және өзін қоршаған ортаға қатынас орнатады. Тәрбие ұлылар өсиетін сақтата отырып, олардың адамгершілік рухани құндылықтарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Әсіпов С. Ыбырай Алтынсарин – ұлы ағартушы. – Алматы, 1989.
2. Ыбырай Алтынсарин. Қазақ энциклопедиясы. – Алматы, 2007.
3. Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1994.
4. Оспанұлы С. Ұлы ұстаз ұлағаты. – Қостанай, 2014.
5. Ламашев Ә. Ыбырай Алтынсарин. – Алматы: «Ана тілі», 1991.